

Талғар ауданы Белбұлақ ауылдық округінің шекарасын (шегін) өзгерту туралы

Алматы облысы Талғар аудандық мәслихатының 2010 жылғы 16 қыркүйектегі № 37-215 шешімі және Талғар ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 16 қыркүйектегі N 09-713 қаулысы. Алматы облысы Талғар ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 қазанда № 2-18-114 тіркелді

Қазақстан Республикасы Жер Кодексінің 108 бабының 5 тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Заңының 12 бабының 3 тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және аудандық әкімдік **Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Талғар ауданы елді мекендер жерінің құрамына елді мекендерді кеңейтуге және осыған байланысты қоса беріліп отырған схемалық карталарға сәйкес, Белбұлақ ауылдық округінің шекарасы (шегі) мынадай болып өзгертілсін:

Белбұлақ ауылдық округінің Белбұлақ ауылы елді мекеннің шекарасына **барлығы 5,8080** гектар жер аумағы енгізілсін.

2. "Талғар аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімі" мемлекеттік мекемесі қосылған жер учаскелеріне белгіленген тәртіппен қала құрылыс құжаттарын дайындасын.

3. "Талғар аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі қолданылып жүрген есеп құжаттамаларына өзгертулер енгізілсін.

4. Осы бірлескен шешім мен қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т

сессиясының төрағасы

С. О. Әшімова

Аудан әкімі

Т. Ә. Өмірәлиев

Аудандық мәслихат хатшысы

Р. М. Ыдралиева